Тасқала ауылдық округінің жергілікті қоғамдастық жиналысының
№ 1 хаттамасы

Тасқала ауылы **“08” қаңтар 2026 ж.**

«Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» **сағ. 16:00**
мемлекеттік мекемесінің ғимараты

Жергілікті қоғамдастық жиналысы мүшелерінің жалпы саны - 15 адам.
Жергілікті қоғамдастық жиналысына қатысушылардың саны - 8 адам.

Қатысқандар:
Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл.
Жиналыс мүшелері: С.Б.Адилов, Қ.М.Баймагамбетов, Б.Ғ.Бекентаева, И.А.Бермуханов, М.Х.Залиев, Х.Н.Мергалиев, Х.Т.Мулдашев, Ұ.Ш.Шукурова.

Ашық дауыс беру арқылы жергілікті қоғамдастық жиналысының төрағасы мен хатшысы сайланды, күн тәртібі бекітілді.

Жиналыс төрағасы Қ.Баймагамбетов:
Жиналыс хатшысы Б.Бекентаева.

Күн тәртібі:

1. Тасқала ауылының ауылішілік көшелеріндегі тротуарлар мен ауылішілік жолдарды күтіп ұстау және оларға қызмет көрсету, сондай-ақ қар тазалау жұмыстары;
2. Тасқала ауылдық округінің көшелерін жарықтандыру жұмыстары;
3. қызметтік көлікке жөндеу жұмыстары;
4. Көпқабатты үйлердің жанындағы және «Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимаратындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды салатын жәшіктерді тазартып, төгу жұмыстары;
5. үгіт-насихат баннерлерін жасау және орнату;
6. еріген суды сорып алу және шығару;
7. Тасқала ауылдық округінің аумақтарында арамшөптерді шабу;
8. Талаптарды орындау үшін әкім аппараты қызметкерлерінің мемлекеттік тізілім порталына кіруін бақылауды және есепке алуды қамтамасыз ету қажеттілігі туралы ақпарат.
9. «Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты электр қуатымен, газбен және сумен жабдықталуын қамтамасыз ету

ТЫҢДАЛДЫ:

Қ.Баймагамбетов: Саламатсыздар ма! Күн тәрітібіндегі сұрақты талқылау үшін жиналып отырмыз. Сөз кезегін ауылдық округ әкімі Алғадай Жамбылұлына беремін.

Тасқала ауылдық округінің әкімі А.Жамбыл- Саламатсыздар ма, қоғамдастық жиналысының мүшелері:

-Тасқала ауылының ауылішілік көшелеріндегі тротуарлар мен ауылішілік жолдарды күтіп ұстау және оларға қызмет көрсету, сондай-ақ қар тазалау жұмыстары

- Тасқала ауылдық округінің көшелерін жарықтандыру жұмыстары;
- Қызметтік көлікке жөндеу жұмыстары;
- Көпқабатты үйлердің жанындағы және «Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимаратындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды салатын жәшіктерді тазартып, төгу жұмыстары;
- Үгіт-насихат баннерлерін жасау және орнату;
- Еріген суды сорып алу және шығару;

-Тасқала ауылдық округінің аумақтарында арамшөптерді шабу;

- Талаптарды орындау үшін әкім аппараты қызметкерлерінің мемлекеттік тізілім порталына кіруін бақылауды және есепке алуды қамтамасыз ету қажеттілігі туралы ақпарат;
- «Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты электр қуатымен, газбен және сумен жабдықтаумен қамтамасыз ету.

Сол себепті осы мәселе бойынша қандай ұсыныстарыңыз бар?

Ұ.Шукурова: Осы жұмысты бір көзден жасауға беруге болады емес пе?

Х.Мулдашев: «СМ Батыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне беруге болады, себебі бұл мердігер осыған дейін де ауыл ішінде бірнеше жұмыстарды уақытылы әрі сапалы атқарған болатын және де осы жұмысқа сай техникалары бар.

С.Б.Адилов: Тасқала ауылдық округінің көшелерін жарықтандыру жұмыстары «SUNRISE» жеке кәсіпкерлігі ауыстыра алады, соған айтайық, ауыстырып береді. Және ол тиімді бағамен жасайды.

Х.Мергалиев: Қызметтік көлікке жөндеу жұмыстары да осы ауылымыздың тұрғынына берейік, Беркалиева Салия апа, оның кәсіпкерлігі бар. Бізге де, оған да тиімді.

Қ.М.Баймагамбетов: Көпқабатты үйлердің жанындағы және «Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимаратындағы қатты тұрмыстық қалдықтарды салатын жәшіктерді тазартып, төгу жұмыстары, ауыл тұрғынына берейік, «Нұр» оның кәсіпкерлігі бар.

Қ.М.Баймагамбетов: Үгіт-насихат баннерлерін жасау және орнату «Инокон» жеке кәсіпкерлігі ауыстыра алады, соған айтайық, ауыстырып береді. Және ол тиімді бағамен жасайды.

Б.Ғ.Бекентаева: Еріген суды сорып алу және шығару «Нұр» және «Лидер» олардың кәсіпкерлігі бар.

И.А.Бермуханов: Тасқала ауылдық округінің аумақтарында арамшөптерді шабу «Инокон» жеке кәсіпкерлігі ауыстыра алады, соған айтайық

Ұ.Шукурова: Талаптарды орындау үшін әкім аппараты қызметкерлерінің мемлекеттік тізілім порталына кіруін бақылауды және есепке алуды қамтамасыз ету қажеттілігі туралы ақпарат. «Тасқала ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің ғимараты электр қуатымен, газбен және сумен жабдықтаумен қамтамасыз ету үшін АО «Инфармационный учетный центр», Тасқала ауданы әкімиятының (шаруашылық жүргізуге құқылы) Тасқала аудандық коммуналдық шаруашылығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны, «Батыс Қазақстан АЭЖК» ЖШС- мен, «Парус-Каз.Бюджет» ЖШС, «QAZAQGAZ FIMAQ» АО бір көзден сатып алу берілсін

Б.Бекентаева: Ия, бұл мердігерлермен жұмыстануға болады деп ойлаймын.

М.Залиев: Мен де қолдаймын.

А.Жамбыл: Сіздер қолдасаңыздар күн тәртібінде көтерілген сұрақ бойынша жұмысты аталған мердігерге береміз, яғни, бір көзден сатып алу жұмыстары.

Қ.Баймагамбетов: Тасқала ауылының ауылішілік көшелеріндегі жолдың шұңқырларын бітеу жұмыстарын «СМ Батыс» , ЖШС «Suhrise» ЖК Беркалиева, ЖК «Нұр», ЖК «Инокон», ЖК АО «Инфармационный учетный центр», Тасқала ауданы әкімиятының (шаруашылық жүргізуге құқылы) Тасқала аудандық коммуналдық шаруашылығы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны, «Батыс Қазақстан АЭЖК» ЖШС, «Парус-Каз.Бюджет» ЖШС, «QAZAQGAZ FIMAQ» АО менбір көзден жасауға беру дауысқа салынады.

Қолдағандар- 8 адам; қарсы- 0 адам; қалыс- 0 адам.

Жергілікті қоғамдастық жиналысы күн тәрітібіндегі мәселені қарап келесідей **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Күн тәртібінде көрсетілген жұмыстарды жоғарыда аталған мердігерлерге Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу заңнамасына сәйкес бір көзден сатып алу тәсілімен **беру** мақұлдансын.

2. Тасқала ауылдық округі әкімі аппаратына тиісті келісімшарттарды рәсімдеу тапсырылсын.

Жамбыл: Бүгінгі жиналысымызға қатысқандарыңызға, ұсыныстарыңызға алғыс білдіремін.

Қ.Баймағамбетов, жиналыс төрағасы: Басқа сұрақтарыңыз болмаса, жиналысымызды аяқтауға рұқсат етіңіздер. Ұсыныс білдіргендеріңізге рахмет.

Сау болыңыздар!

Жиналыс төрағасы **Қ.Баймагамбетов**

Жиналыс хатшысы **Б.Бекентаева**